



**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН
МЕКТЕПТЕРІНІҢ
ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ**

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

ОҚУШЫЛАРҒА ТЕРЕҢ БІЛІМ БЕРУ ҮШІН МҰҒАЛІМ МЫНА ТӨМЕНДЕГІ ҚАҒИДАЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАҒАНЫ ЖӨН ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН


1. Мұғалім пәнді жетік меңгеріп, оны оқушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.
2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі абзал.
3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.
4. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.
5. Оқушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн.
6. Оқушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн. Мұнда әсіресе оқушылардың білімдерін тексеруде мына төмендегідей әдістерді қолданған тиімді:
 - Тестік жүйе бойынша
 - өзің өзі тексеру



БАРЛЫҒЫ ҮШІН БЕЙІМДЕЛУ ЖЕРІ- МЕКТЕП

Пән оқытушылары білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамыту бағытында кәсіптік лицейдің оқу – тәрбие үрдісін ақпараттандыру мен барлық пәндерге ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану және өз пәнін оқытудың сапасын арттыру жағдайында олардың ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан тұлға болуы қажет. Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кәсіби бағытта енуін қамтамасыз ететін мұғалім.





Заман талабына сай білім беру – бұл оқушыларды адамгершілік интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшуді талап етеді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың негізгі міндеттері:

1. Сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану;

2. Практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;

3. Ғылыми ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу.

ҒЫЛЫМ - ТЕҢІЗ, БІЛІМ - ҚАЙЫҚ.



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Жаста оқыған оқуың - тасқа
жазғанмен бірдей,
Егде тартқанда оқыған оқуың
- мұзға жазғанмен бірдей.

Екпей егін шықпас,
Үйренбей білім жұқпас.

Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

Дейді қазақ бабамыз!

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗ
А
РАХМЕТ!!!**

